

Жұмыс берушілердің кадрлық қалауы мен жас мамандардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» тақырыбында жұмыс берушілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне салыстырмалы талдау

Жас мамандарды еңбек нарығы жағдайына бейімдеу, олардың жұмысқа орналасуына қолдау көрсету және жұмыс берушілермен өзара тиімді ынтымақтастықтың ықтимал перспективаларын айқындау мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектері үшін негізгі жұмыс берушілер болып табылатын Қызылорда облысындағы әртүрлі ұйымдар мен кәсіпорын басшылары арасында сауалнама жүргізіледі.

Соңғы сауалнама 2025 жылдың қараша айында өткізілді. Зерттеуге 150-ден астам ұйым мен кәсіпорын өкілдері қатысып, түлектердің кәсіби даярлығы, практикалық дағдылары, жеке құзыреттері және еңбек нарығына бейімделу деңгейі бойынша бағалау пікірлерін білдірді.

Сауалнама нәтижелері университет пен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру бағыттарын анықтауға, білім беру бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіруге және түлектердің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болды.

Сауалнамаға келесі мекемелердің басшылары өз пікірлерін білдіреді:

Мемлекеттік органдар

- Қызылорда облысы әкімінің аппараты
- ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті
- Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы
- Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы
- Астана қаласының спортты дамыту дирекциясы
- Қызылорда облысы бойынша экология департаменті
- ДЧС Кызылординской области

Әлеуметтік мекемелер мен ҮЕҰ

- Еңбек мобильділігі орталығы
- №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы
- «Бастаманы қолдау» қоғамдық бірлестігі
- «Адами капиталды дамыту»
- «Дәстүр» қолөнер қоғамдық қоры
- Анаға тағзым

Академиялық-басқару ұйымы

- ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалы

Мектептер, лицейлер, гимназиялар

- И.Тоқтыбаев атындағы №35 мектеп
- №7 мектеп-лицей
- №174 орта мектеп
- №250 мектеп-лицей
- №36 Ө.Тәжібаев атындағы мектеп-лицей
- №23 Ж.Қизатов атындағы мектеп-лицей
- №5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицей
- Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицей

- I.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицей
- Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицей
- Елеу Көшербаев атындағы №279 мектеп-лицей
- Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей
- №119 орта мектеп
- №121 орта мектеп (Қармақшы ауданы)
- М.В.Ломоносов атындағы №47 мектеп-лицей
- Г.Н.Ковтунов атындағы №252 мектеп-гимназия
- А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектеп
- Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектеп
- Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия
- 130 Абай атындағы орта мектеп
- 144 С.Алжиков атындағы орта мектеп
- 267 орта мектеп
- 282 мектеп-лицей
- №278 лицей-мектебі
- №46 мектеп-лицей
- Қ.Баймағанбетов атындағы №42 мектеп-лицей
- Ыбырай ұлттық мектебі
- Қызылорда ХББ НЗМ

Колледждер мен орталықтар

- “ORDA” жоғары колледжі
- Қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы
- “Оқушылар сарайы” КММ
- Мүлқаман Қалауов атындағы қалалық өнер мектебі
- “Өрлеу” БАҰО Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты
- Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы

Балабақшалар

- Шаттық балабақшасы
- Детский сад «Бегім ана»

Коммерциялық ұйымдар (бизнес)

- ТОО ОрдаСтройСнаб
- Цитрин ЖШС
- Мұнай Тех Сервис Орда ЖШС
- ТОО “СНЕС”
- Смак ЖШС
- Food Master ЖШС
- Gold Steel ЖШС
- ТОО ТузкольМунайГаз Оперейтинг
- ТОО “DALATEX”
- АО СК “Freedom Finance insurance”
- Қызылорда электрик стейшн
- Бис КЗ
- ТОО “Жаннур-орда”
- ТОО Кызылкум
- “G. Global Group”
- Торғай Петролеум АҚ
- Кызылордажылуэлектрорталыгы МКК
- АО КРЭК

- ТОО «НурДос-Ойл»
- ТОО "ГеоЛидерПроектСервис"
- ПТ Абзал и Компания
- ИП Сапахова «Дәмді нан»
- "125 QYZYLORDA" ЖШС
- Absplus
- Зеева Көркем
- «Көркем-Ай» жарнама орталығы
- "Тәтті әлем" кондитерлік цехы


Мәдениет, өнер, ғылым

- Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі
- Қызылорда облыстық филармониясы
- Қазына өнер орталығы
- Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы
- Қызылорда гидрогеологиялық мелиоративтік экспедициясы РММ

Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігін басқарушы құрам (42%) мен орта буын басқару персоналы (31%) құрайды. Бұл зерттеудің негізгі респонденттері білім беру және ұйымдық басқару саласының басшылық деңгейіндегі қызметкерлер екенін көрсетеді. Педагогикалық құрамның үлесі 18%, ал әкімшілік-техникалық персоналдың үлесі 9% құрады.

Сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің басым бөлігі білім беру саласына тиесілі (64%). Бұл зерттеудің негізгі респонденттік базасы білім беру ұйымдары екенін көрсетеді. Мемлекеттік қызмет саласының үлесі 9%, әлеуметтік сала – 6%, өндірістік және энергетикалық сектор – 8%, құрылыс-инженерлік сала – 5%, мәдениет пен спорт – 4%, ал қызмет көрсету және бизнес секторы – 4% құрады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келуі



Респонденттердің басым бөлігі білім беру бағдарламаларының мазмұны еңбек нарығының қажеттіліктеріне толығымен сәйкес келеді деп есептейді (71%). Сонымен қатар, 22% қатысушы бағдарламалар негізінен сәйкес келеді деген пікір білдірген. Тек 7% респондент бағдарламалар еңбек нарығы талаптарына ішінара ғана сәйкес келеді деп көрсеткен. Бұл нәтиже білім беру мазмұнының еңбек нарығымен жоғары деңгейде үйлескенін көрсетеді.


Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті түлектерін дайындаудағы негізгі артықшылықтар



Мәліметтерге сүйенсек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектерін дайындауда ең басты артықшылықтар — теориялық білім (16,4%), практикалық дайындық (14,1%) және заманауи әдістер мен технологияларды меңгеру (13,2%) болып табылады. Сондай-ақ, кәсіби негіздердің қалыптасуы (10,9%), өзін-өзі дамыту қабілеті (10,3%) және жұмысқа ынтасы (9,8%) түлектердің жалпы кәсіби дайындығын көрсетеді. Қарым-қатынас дағдылары (9,4%), өндірістік тәртіп (8,2%) және стандартты емес жағдайларға бейімделу (7,8%) артықшылықтары салыстырмалы түрде азрақ, бірақ олар да маңызды әлеуметтік және кәсіби қабілеттерді білдіреді.

Университеттің негізгі күшті жақтары — теориялық білім мен практикалық дайындық, ал қосымша маңызды қабілеттер — өзін-өзі дамыту, жұмысқа ынта және коммуникативтік дағдылар болып отыр.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті түлектерін даярлаудағы негізгі кемшіліктер



Жұмыс берушілердің пікірінше, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектерін даярлауда бірқатар кемшіліктер байқалады. Ең басты назар аударылатын мәселелердің бірі – практикалық дайындықтың жеткіліксіздігі. Респонденттердің шамамен 35%-ы студенттердің теориялық білім деңгейі жоғары болғанымен, нақты жұмыс жағдайларында тәжірибе мен практикалық дағдыларының аз екенін атап көрсеткен. Бұл мәселе әсіресе өндірістік немесе кәсіби қызметке тікелей қатысты тапсырмаларда байқалады.

Сонымен қатар, жұмыс берушілердің 30%-ы түлектердің өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерінің төмендігін атап өткен. Бұл дегеніміз, кейбір түлектер өз бетінше білімін жетілдіруде, жаңа ақпаратты меңгеруде немесе кәсіби біліктілігін арттыруда жеткіліксіз екенін көрсетеді. Мұндай кемшілік кәсіби дамуға және жұмыс орнындағы белсенділікке кері әсер етуі мүмкін.


Жұмысқа ынтаның төмендігі де кейбір респонденттер тарапынан сынға алынған. Шамамен 15% жұмыс беруші түлектердің кәсіби міндеттерге белсенділік танытпайтынын, кейде тапсырмаларды орындауға ынтасының жеткіліксіз екенін байқаған. Бұл түлектердің кәсіби ортаға бейімделуіне әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, төмен өндірістік тәртіп мәселесі 10% жұмыс берушілердің пікірінде көрініс тапқан. Мұнда жұмыс барысындағы тәртіптік нормаларды сақтау, уақытылы орындау және ұйымдастырылғандық сияқты аспектілерге көңіл бөлінген.

Соңғысы, кейбір респонденттер (10%) жалпы кәсіби даярлық деңгейінің кейбір аспектілерінің төмендігін атап өтті. Олар теориялық білімнің жеткіліктілігімен қоса, кейбір практикалық немесе коммуникативтік дағдыларды жетілдіруді қажет деп есептейді.

Соған қарамастан, жұмыс берушілердің басым көпшілігі (шамамен 60%) университеттің түлектерін жалпы алғанда жақсы даярланған деп бағалаған. Олар айтарлықтай кемшіліктер жоқ, студенттердің теориялық білім деңгейі мен кәсіби әлеуеті жоғары деп есептейді. Бұл университеттің білім беру сапасының жеткілікті деңгейде екенін және түлектердің еңбек нарығында өз орнын таба алатынын көрсетеді.

ЖОО түлектерін даярлауда жақсарту керек тұстары:



Жұмыс берушілердің пікірінше, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектерін даярлауда бірнеше бағытта жетілдіру қажет. Ең көп аталған ұсыныстар төмендегідей:

Практикалық дайындық деңгейін арттыру – респонденттердің шамамен 45% бұл мәселені басты назарда деп есептейді. Олар түлектердің теориялық білімі жеткілікті болғанымен, нақты жұмыс жағдайларында тәжірибесі мен кәсіби дағдыларының әлі де жетілдірілуі қажет екенін атап өтті. Бұл әсіресе өндіріс, спорт, педагогика және техникалық мамандықтарда маңызды.

Өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін жетілдіру – шамамен 35% жұмыс беруші түлектердің жеке кәсіби дамуға, өз білімін жетілдіруге, кәсіби стандарттарды ұстануға үйретуді қажет деп есептейді. Бұл бағыт түлектердің кәсіби өсуіне және ұйымдағы белсенділіктеріне тікелей әсер етеді.

Өндірістік тәртіп дағдыларын арттыру – бұл ұсынысты 20% жұмыс беруші атап өтті. Олар студенттердің уақытты тиімді пайдалану, тапсырмаларды орындау, жұмыс процесінде тәртіп сақтау сияқты қасиеттерін дамыту маңызды деп санайды.


Жалпы мәдениет деңгейін арттыру – респонденттердің 15%-ы бұл аспектіні атап өтті. Олар түлектердің кәсіби ғана емес, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан да жан-жақты дамуына көңіл бөлу қажет деп есептейді.

Теориялық білім деңгейін арттыру – бұл ұсыныс салыстырмалы түрде аз айтылды, тек 10%-да, алайда кейбір мамандықтар үшін теориялық база мен пәндік білімді күшейту қажеттігі бар екені көрсетілген.

Сонымен қатар, жұмыс берушілердің басым көпшілігі (шамамен 50–60%) университеттің түлектерін жалпы алғанда жақсы даярлайды деп есептейді. Олар айтарлықтай кемшіліктер жоқ деп санайды, студенттердің білім деңгейі, жалпы мәдениеті және кәсіби әлеуеті жоғары екенін атап өтті.

Жұмыс берушілердің пікірінше, университеттің басты даму бағыттары – практикалық дағдыларды арттыру, өзін-өзі дамыту қабілетін жетілдіру және өндірістік тәртіпті күшейту болып табылады. Осы бағыттарға көңіл бөлгенде, түлектердің еңбек нарығында кәсіби және әлеуметтік тұрғыдан бәсекеге қабілетті болуы қамтамасыз етіледі.


Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті түлектерінің кәсіби дайындық деңгейін 10 балдық шкала бойынша бағалау (мұнда 1 - "өте төмен", 10- " өте жоғары»)



- **Жоғары кәсіби дайындық (9–10 балл): 79%** – түлектердің басым бөлігі кәсіби тұрғыдан жоғары деңгейде дайын.
- **Орташа деңгей (8 балл): 11%** – аздап жетілдіру қажет.
- **Төмен кәсіби дайындық (5–7 балл): 10%** – практикалық дағдылар мен тәжірибені жақсарту ұсынылады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектерінің кәсіби дайындық деңгейін 10 балдық шкала бойынша бағалағанда, түлектердің басым бөлігі – 79% – жоғары деңгейде дайын екені анықталды (9–10 балл). Сонымен қатар, 11% студенттің кәсіби дайындығы орташа деңгейде (8 балл), ал 10% түлектердің дайындық деңгейі төмен немесе жетілдіруді қажет етеді (5–7 балл). Бұл көрсеткіштер университеттің жалпы кәсіби даярлық деңгейінің жоғары екенін, бірақ кейбір түлектерге практикалық дағдыларын жетілдіруге көңіл бөлу қажеттілігін көрсетеді. 1-4 балл аралығында бағалағандар кездеспейді.


Мекмеде іс-тәжірибеден өтіп жүрген Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті білім алушыларының (практикант) жұмысқа дайындық деңгейін 10 балдық шкала бойынша бағалау (мұнда 1 - "өте төмен", 10 - " өте жоғары»)



- Практиканттардың **басым бөлігі (62%) 9–10 баллға ие**, бұл олардың кәсіби дайындығы өте жақсы екенін көрсетеді.
- Орташа дайындық деңгейі (8 балл) **18% жағдайда**, яғни кейбір студенттерге қосымша тәжірибе қажет.
- Төмен деңгейдегі көрсеткіштер (5–7 балл) тек **18% практикантқа тән**, бұл аздаған студенттерге қосымша қолдау керек екенін білдіреді. Одан төмен 1-4 баллмен бағаланғандар кездесейді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің практиканттарын 10 балдық шкала бойынша бағалағанда, олардың жұмысқа дайындық деңгейі жоғары екені көрінеді. 9–10 балл алған практиканттар жалпы санының шамамен 70% құрайды, бұл практикалық дағдылары мен кәсіби құзыреттілігінің жақсы екенін көрсетеді. Орташа дайындық деңгейі (8 балл) 20% жағдайда байқалады, ал төмен дайындық деңгейі (5–7 балл) шамамен 10% практиканттарға тән. Бұл көрсеткіштер студенттердің жалпы теориялық және практикалық дайындықтарының жоғары екенін, алайда кейбір студенттерге қосымша қолдау мен тәжірибе қажет екенін білдіреді.

Түлектерінің теориялық дайындық деңгейі



Көпшілігі (**72%**) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектерінің теориялық дайындық деңгейіне **толық қанағаттанғанын** көрсеткен (5 балл).


Орташа деңгейдегі қанағаттану (**4 балл**) 17% жағдайда, яғни кейбір респонденттер дайындыққа жақсы бағасын берсе де, толық қанағаттанбаған.

Төмен деңгейдегі қанағаттану (3–2 балл) тек **6% жағдайда**, бұл өте аз көрсеткіш.

5% респонденттер жауап беруге қиналған, бұл кейде тәжірибелік немесе нақты ақпараттың жеткіліксіздігінен болады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті түлектерінің теориялық дайындық деңгейі жалпы **жоғары бағаланады**, және олардың көпшілігі кәсіби теориялық білімге қанағаттанған. Кейбір респонденттер қосымша кәсіби тәжірибе мен практикалық бағытқа назар аударуды ұсынады.

Түлектерінің практикалық дайындық деңгейін бағалау



52% респонденттер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектерінің практикалық дайындық деңгейіне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


Орташа қанағаттану (**4 балл**) 23% жағдайда, яғни кейбір респонденттер практикалық дайындықты жақсы деп бағалағанымен, толық қанағаттанбаған.

Төмен деңгейдегі қанағаттану (3–2 балл) **21% жағдайда**, бұл практикалық дағдылардың әр түлекте біркелкі дамымағанын көрсетеді.

4% респонденттер жауап беруге қиналған, бұл нақты ақпараттың жеткіліксіздігінен болуы мүмкін.

Түлектердің теориялық дайындығы жоғары болса да, **практикалық дайындыққа қанағаттану деңгейі салыстырмалы түрде төмен**, яғни кейбір студенттерде практикалық дағдыларды жетілдіру қажет.

Түлектерінің кәсіпкерлік қасиеттерін бағалау



52% респонденттер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектерінің кәсіпкерлік қасиеттеріне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).

28% респонденттер қанағаттануды жоғары деңгейде бағалаған (4 балл), бірақ кейбір аспектілер бойынша толық қанағаттанбаған.


Орта деңгейдегі қанағаттану (3 балл) **16% жағдайда**, бұл кәсіпкерлік дағдылардың біркелкі дамымағанын көрсетеді.

Төмен бағалау (2 балл) тек **3% респонденттерде** байқалған, бұл аз мөлшерде кемшіліктер бар екенін көрсетеді.

5% респонденттер жауап беруге қиналған, бұл нақты бағалаудың мүмкін болмағанын білдіреді.

Кәсіпкерлік қасиеттерге қанағаттану деңгейі салыстырмалы түрде жоғары (80% жоғары баға – 4 және 5 балл), алайда кейбір түлектерде кәсіпкерлік дағдыларды жетілдіру қажет.

Түлектердің коммуникативті қабілеттерін бағалау



58% респонденттер түлектердің коммуникативті қабілеттеріне толық қанағаттанғанын (5 балл) білдірген.

23% респонденттер қанағаттануды жоғары деңгейде бағалаған (4 балл), бірақ кейбір дағдыларды жетілдіру қажет деп санайды.


Орта деңгейдегі қанағаттану (3 балл) **13% жағдайда**, бұл кейбір түлектерде коммуникативті дағдыларды дамыту қажеттігін көрсетеді.

Төмен баға (2–1 балл) өте аз, тек **4%**, яғни түлектердің коммуникативтік қабілеттерінде маңызды проблемалар жоқ.

5% респонденттер жауап беруге қиналған, бұл бағалаудың мүмкін болмағанын білдіреді.

Коммуникативті қабілеттерге қанағаттану деңгейі жоғары (81% – 4 және 5 балл), алайда кейбір түлектерде дағдыларды жетілдіру қажет.

Түлектердің командалық жұмыс дағдыларын бағалау



60% респонденттер түлектердің командалық жұмыс дағдыларына толық қанағаттанғанын (5 балл) білдірген.

22,5% респонденттер дағдыларды жоғары бағалаған (4 балл), бірақ командалық жұмыста кейбір жетілдірулер қажет деп санайды.


Орта деңгейдегі қанағаттану (3 балл) **17,5% жағдайда**, бұл кейбір түлектерде командалық ынтымақтастықты дамытуға қажеттілікті көрсетеді.

Төмен баға (2 балл) өте аз – **3,5%**, яғни командалық жұмыс дағдыларында елеулі проблемалар жоқ.

5% респонденттер жауап беруге қиналған, бұл кейбір бағалаушылардың толық ақпаратқа ие еместігін көрсетеді.

Командалық жұмысқа қанағаттану деңгейі жалпы жоғары (82,5% – 4 және 5 балл), бірақ 3 балл берген респонденттер арқылы кейбір түлектерде бұл дағдыларды дамыту қажет екені байқалады.

Түлектердің міндеттер мен мәселелерді шешу қабілетін бағалау



58% респонденттер түлектердің міндеттер мен мәселелерді шешу қабілетіне толық қанағаттанғанын (5 балл) білдірген.

20,7% респонденттер дағдыларды жоғары бағалаған (4 балл), бірақ кейбір жағдайда қосымша қолдау немесе тәжірибе қажет деп санайды.


Орташа қанағаттану (3 балл) **14,5%**, бұл түлектердің кейбірі күрделі мәселелерді шешуде тәжірибе жетіспейтінін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) аз – **5,4%**, яғни тек аз ғана түлекте осы дағдыларда кемшіліктер бар.

4% респонденттер жауап беруге қиналған, бұл кейбір бағалаушылар толық ақпаратқа ие емес екенін көрсетеді.

Түлектердің міндеттер мен мәселелерді шешу қабілетіне қанағаттану жалпы жоғары (78,7% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір түлектерде осы дағдыларды жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Түлектердің ұйымдастырушылық қабілетін бағалау



60% респонденттер түлектердің ұйымдастырушылық қабілетіне толық қанағаттанғанын (5 балл) білдірген.

20,7% респонденттер дағдыларды жоғары бағалаған (4 балл), яғни кейбір жағдайларда қосымша тәжірибе қажет болуы мүмкін.


Орташа қанағаттану (3 балл) **12,4%**, бұл түлектер кейде тапсырмаларды тиімді ұйымдастыруда қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) **2,9%**, яғни тек аз ғана түлекте ұйымдастырушылық қабілет әлсіз.

4% респонденттер жауап беруге қиналған, бұл бағалаушылардың толық ақпаратқа ие еместігін көрсетеді.

Түлектердің ұйымдастырушылық қабілетіне қанағаттану жалпы жоғары (80,7% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір түлектерде бұл дағдыларды дамытуға мүмкіндік бар

Түлектердің тұрақтылығы мен мотивациясын бағалау



62% респонденттер түлектердің тұрақтылығы мен мотивациясына толық қанағаттанғанын (5 балл) көрсеткен.


21,3% респонденттер жоғары қанағаттанғанын білдірген (4 балл), яғни кейбір жағдайларда мотивацияны арттыру қажет болуы мүмкін.

Орташа қанағаттану деңгейі (3 балл) – **9,7%**, бұл кейде тапсырмаларды орындауда қиындықтар болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 балл) **3,1%**, аз ғана түлекте тұрақтылық пен мотивация төмен деңгейде. **4,6% респонденттер** жауап беруге қиналған.

Түлектердің тұрақтылығы мен мотивациясына қанағаттану жалпы жоғары (83,3% – 4 және 5 балл), бірақ мотивациялық және тұрақтылық дағдыларын одан әрі дамытуға мүмкіндік бар.

Түлектердің стресске төзімділігін бағалау



54% респонденттер түлектердің стресске төзімділігіне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


23% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни стресске төзімділік деңгейі жеткілікті.

17% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда стресске төтеп беру қиындықтары болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) **барлығы 4%**, яғни аз ғана түлектер стрессоустойчивость төмен. **2% респонденттер** жауап беруге қиналған.

Түлектердің стресске төзімділігі жалпы жоғары деңгейде (77% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда арнайы дайындық немесе психологиялық қолдау қажет болуы мүмкін.

Түлектердің кәсіби сенімділігін бағалау



61% респонденттер түлектердің кәсіби сенімділігіне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


22% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни түлектердің кәсіби сенімділігі жеткілікті.

14% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда кәсіби сенімділік аз болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) **барлығы 2%**, яғни өте аз түлектердің сенімділігі төмен. Жауап беруге қиналғандар жоқ.

Түлектердің кәсіби сенімділігі жалпы жоғары деңгейде (83% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда қосымша кәсіби дайындық немесе тәжірибелік қолдау қажет болуы мүмкін.

Түлектердің мәдени хабардарлығы мен тілдік дағдыларын бағалау



60% респонденттер түлектердің мәдени хабардарлығы мен тілдік дағдыларына толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).

23% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни дағдылар жеткілікті деңгейде.


14% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда тілдік немесе мәдени дағдылар жеткіліксіз болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **4%**, яғни өте аз түлектерде дағдылар әлсіз.

6% респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің мәдени хабардарлығы мен тілдік дағдылары жалпы жоғары деңгейде (83% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда қосымша тілдік немесе мәдени дайындық қажет болуы мүмкін.

Түлектердің креативтілігін бағалау



66% респонденттер түлектердің креативтілігіне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).

19% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни креативтілік деңгейі жеткілікті.


13% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда шығармашылық қабілеттерді дамыту қажет екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **2%**, яғни өте аз түлектерде креативтілік төмен.

6% респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің креативтілігі жалпы жоғары деңгейде (84% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда қосымша шығармашылық тренингтер немесе тәжірибелік жобалар арқылы дамытуға мүмкіндік бар.

Түлектердің кәсіби шеберлігін бағалау



64% респонденттер түлектердің кәсіби шеберлігін дамытуға толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


20% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни кәсіби дағдылар жеткілікті деңгейде.

12% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда кәсіби шеберлікті қосымша дамыту қажет екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **4%**, яғни өте аз түлектерде кәсіби дағдылар әлсіз. **5%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің кәсіби шеберлікті дамыту деңгейі жалпы жоғары (84% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда қосымша кәсіби дайындық немесе тәжірибелік жобалар арқылы дамытуға мүмкіндік бар.

Түлектердің автономиясын бағалау



62% респонденттер түлектердің автономиясына толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


24% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни автономия жеткілікті деңгейде.

12% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда түлектердің тәуелсіз шешім қабылдау қабілетін дамыту қажет екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **3%**, яғни өте аз түлектерде автономия төмен. **5%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің автономиясы жалпы жоғары деңгейде (**86%** – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда тәуелсіз шешім қабылдау дағдыларын одан әрі жетілдіру қажет болуы мүмкін.

Түлектердің кәсіби этикасын бағалау



63% респонденттер түлектердің кәсіби этикасына толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


21% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни кәсіби этика деңгейі жеткілікті.

12% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда кәсіби этика стандарттарын жетілдіру қажет екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **4%**, яғни өте аз түлектерде кәсіби этика әлсіз. **5%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің кәсіби этика деңгейі жалпы жоғары (84% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда кәсіби нормалар мен этикалық стандарттарды одан әрі жетілдіру қажет болуы мүмкін.

Түлектердің жұмыс тәжірибесіне немесе бейінін бағалау



61% респонденттер түлектердің жұмыс тәжірибесіне немесе бейіні бойынша практикаға толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


22% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни практика деңгейі жеткілікті.

14% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда практикалық дағдыларды жетілдіру қажет екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **4%**, яғни өте аз түлектерде тәжірибе жеткіліксіз. **5%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің жұмыс тәжірибесі немесе бейіні бойынша практикалық дағдылары жалпы жоғары деңгейде (83% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда қосымша тәжірибелік жобалар немесе стажировкалар арқылы дамытуға мүмкіндік бар.

Түлектердің компьютерлік және ІТ сауаттылығын бағалау



63% респонденттер түлектердің компьютерлік және ІТ сауаттылығына толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


20% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни ІТ дағдылары жеткілікті деңгейде.

12% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда ІТ дағдыларын жетілдіру қажет екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **3%**, яғни өте аз түлектерде ІТ сауаттылық төмен. **5%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің компьютерлік және ІТ сауаттылығы жалпы жоғары деңгейде (83% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда қосымша ІТ тренингтер немесе практикалық тапсырмалар арқылы дағдыларын дамытуға мүмкіндік бар.

Түлектердің жеке қасиеттерін бағалау



65% респонденттер түлектердің жеке қасиеттеріне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


20% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни түлектердің жеке қасиеттері жеткілікті деңгейде.

10% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда жеке қасиеттерді дамыту қажет екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **3%**, яғни өте аз түлектерде жеке қасиеттер жеткіліксіз. **5%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің жеке қасиеттері жалпы жоғары деңгейде (85% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда қосымша тұлғалық даму немесе психологиялық қолдау арқылы жеке қасиеттерін нығайтуға болады.

Түлектердің жаңашылдық қабілетін бағалау



60% респонденттер түлектердің жаңашылдық қабілетіне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


25% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни түлектердің инновациялық ойлау деңгейі жеткілікті.

10% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда жаңа идеяларды жүзеге асыруда қиындықтар болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **4%**, яғни аз ғана түлектердің жаңашылдық қабілеті төмен. **1%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің жаңашылдық қабілеті жалпы жоғары деңгейде (85% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда шығармашылықты дамыту немесе инновациялық ойлау дағдыларын жетілдіру бойынша қосымша қолдау қажет болуы мүмкін.

Түлектердің көшбасшылық қабілеттерін бағалау



62% респонденттер түлектердің көшбасшылық қабілеттеріне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).


24% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни түлектердің лидерлік дағдылары жеткілікті.

12% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда көшбасшылық қабілеттерді қолдануда қиындықтар болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **2%**, яғни өте аз түлектердің лидерлік қасиеті төмен. **2%** респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің көшбасшылық қабілеті жалпы жоғары деңгейде (**86%** – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда көшбасшылық дағдыларды нығайту немесе жетекшілікке арналған арнайы тренингтер қажет болуы мүмкін.

Түлектердің танымдық құзыреттілігін бағалау



64% респонденттер түлектердің танымдық құзыреттілігіне толық қанағаттанғанын көрсеткен (5 балл).

23% респонденттер жоғары қанағаттанған (4 балл), яғни түлектердің логикалық, сыни ойлау және аналитикалық дағдылары жеткілікті.

11% респонденттер орташа деңгей деп бағалаған (3 балл), бұл кейбір жағдайларда танымдық қабілеттерді қолдануда қиындықтар болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Төмен бағалар (2 және 1 балл) барлығы **2%**, яғни өте аз түлектердің танымдық құзыреттілігі жеткіліксіз.

2% респонденттер жауап беруге қиналған.

Түлектердің танымдық құзыреттілігі жалпы жоғары деңгейде (87% – 4 және 5 балл), бірақ кейбір жағдайларда аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін одан әрі жетілдіру үшін арнайы тренингтер немесе практикалық тапсырмалар қажет болуы мүмкін.

Практикалық дағдылар мен тәжірибе

Ұсыныстар: Студенттердің нақты кәсіби дағдыларын жетілдіру, өндірістік және оқу тәжірибесін арттыру.

Заманауи технологиялар мен ЖИ қолдану

Ұсыныстар: Цифрлық сауаттылық пен заманауи технологияларды меңгеру арқылы түлектердің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Теория мен практиканы үйлестіру

Ұсыныстар: Негізгі теориялық білім мен практикалық дағдыларды интеграциялау, кәсіби дайындық сапасын арттыру.

Soft skills, жеке қасиеттер және көшбасшылық

Ұсыныстар: Студенттердің көшбасшылық, өзін-өзі дамыту және кәсіби сенімін арттыру.

Ғылыми-зерттеу және инновация

Ұсыныстар: Түлектердің ғылыми және инновациялық қабілеттерін дамыту, халықаралық тәжірибе алу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Халықаралық тәжірибе және ынтымақтастық

Ұсыныстар: Түлектердің кәсіби тәжірибесін кеңейту, халықаралық және жергілікті ынтымақтастықты күшейту.

Материалдық-техникалық база мен әдістемелік қамтамасыз ету

Ұсыныстар: Оқу процесінің сапасын арттыру, тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарды жетілдіру.

Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы